

3. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы.- Алматы: Ана тілі,1993-320 б.
4. Жұбанов Е.Қ. Толғауы тоқсан қызыл тіл... (Лингвомәдениет танымының көкжиектері. Зерттеулер мен зерделеулер). -Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті. – 2010. – 316 б.
5. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. - Алматы: Ғылым, 1978. -184 б.
6. Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі.- Алматы: Ғылым, 1996. -200 б.
7. Жұбанов Е. Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері. ДДА.-Алматы:1997.-43 б.
8. Өміралиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. -Алматы.1976.-242 б.
9. Жұбанов Е.Қ. Халық әдебиеті тілін оқытудың лингвостилистикалық аспектітері.(оқу құралы). -Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе МУ баспасы,2003. – 96 б.
10. Садуақас Н.А. Халық әдебиеті тілін зерттеуші // Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері. Көрнекті фольклортанушы ғалым, ф.ғ.д., проф.Е.Қ.Жұбановтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық дөңгелек үстел материалдары. - Алматы:КИЕ лингвоелтану инновациялық орталығы, 2011.-37-41 б.

ҒТАМР 16.21.55

Қ.ЖҰБАНОВ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ

Қ.А. ЯССАУЙДІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ТАНЫМЫ МЕН АҚЫНДЫҚ БОЛМЫСЫ

Ә.Ж. ҰЛЫҚПАНОВА

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың түркі тілдес халықтар әдебиетінің көрнекті өкілі, сопылық әдебиеттің негізін қалаған ақын Қожа Ахмет Яссауйдің «Диуани хикмет» еңбегі туралы мақаласына талдау жасалады. Профессор Құдайберген Жұбанов – әдебиет мәселелеріне қатысты да тың ой айтып, терең тұжырым жасаған айтулы ғалым. Ол санаулы болса да, сапасы мықты ғылыми еңбектердің авторы болып табылады. Әдебиетке қатысты жазылған зерттеулерінің ішінде «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» атты еңбегінің ғылыми маңызы аса зор. Құдайберген Жұбанов Қожа Ахмет Яссауидің ақындық талантына айрықша баға береді. «Диуани хикмет» түркі тектес халықтардың рухани мұрасы болып табылады. Мақалада «Диуани хикметті» лингвистикалық әрі поэтикалық және тарихи тұрғыда шебер зерттеген Құдайберген Жұбановтың ғылыми қызметі туралы сөз болады.

Кілт сөздер: Ақын, әдебиет тарихы, поэтика, жазба әдебиет, сопылық әдебиет, ойшыл.

Аннотация. В статье анализируется статья выдающегося представителя литературы тюркоязычных народов Кудайбергена Куановича Жубанова о творчестве поэта Ходжи Ахмеда Ясави «Диван хикмет», основателя суфийской литературы. Профессор Кудайберген Жубанов – выдающийся ученый, глубоко

изучивший проблемы литературы. Он является автором ряда выдающихся научных работ, хотя он номер один. Среди его исследований в области литературы: «Письма. Знание языка тюркской литературы имеет большое научное значение. Кудайберген Жубанов дает особую оценку поэтическому таланту Ходжи Ахмета Яссави. «Дивани хикмет» – духовное наследие тюркских народов. В статье рассказывается о научной деятельности Кудайбергена Жубанова, лингвистически-поэтического и исторического, освоившего «Дивани хикмет».

Ключевые слова: Поэт, история литературы, поэтика, письменная литература, суфизм, философ.

Annotation. The article analyzes the article by Kudaibergen Kuanovich Zhubanov, a prominent representative of the Turkic-speaking peoples literature, about the work of the poet Hoja Akhmed Yasawi's "Divan Hikmet", the founder of the Sufi literature. Professor Kudaibergen Zhubanov is a prominent scientist who has made a profound insight into the issues of literature. He is the author of a number of outstanding scientific works, although he is number one. Among his research on literature are: "Letters. The knowledge of the language of the Turkic literature is of great scientific importance. Kudaibergen Zhubanov gives a special assessment to the poetic talent of Hodja Ahmet Yassawi. "Divani Hikmet" is a spiritual heritage of Turkic peoples. The article talks about the scientific activity of Kudaibergen Zhubanov, who is a linguistically and poetic and historian who has mastered the "Divani Hikmet".

Key words: Poet, history of literature, poetics, written literature, sufism, philosopher.

XX ғасырдың 30-жылдары қазақтың ұлттық руханиятындағы Қожа Ахметтің орны туралы алғашқылардың бірі болып ауызға алып, ғылыми ортаның назарын аударуға күш салған Қ.Жұбанов еді. Діннің руханиятын жоққа шығарған сонау төңкерістер романтикасы тұсында «Алланың таңғажайып құпиялары хақында тебіреніп айтылған жақсы сөздерім кейінгіге тәбәрік» деп күңіренген Яссаудің «Диуани хикметі» туралы сөз қозғаушыны «дісіздердің таптық қоғамы» «жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» деп қабылдағаны айдан анық.

Яссауйтану қазынасына сүбелі үлес қосқандардың алдыңғы қатарында түрік ғалымы М.Ф.Көпрүлүзаде, Ресей зерттеушілері А.Н.Самойлович, Е.Э.Бертельс, А.К.Боровков, Г.Ф.Благова, өзбек ғалымдарынан Э.Р.Рустамов, Н.М.Маллаев, В.И.Зохидов, т.б. тұр. XIX ғасырдың аяғында шығыстанушы ғалымдар В.В.Радлов, А.Диваев, С.Е.Малов, А.А.Семенов, Н.Г.Малицкий, М.Бекчурин, Г.Н.Ахмеров, М.Е.Массон және швед ғалымы Генрих Мозерлер яссауйтану саласында соны соқпақтарын салды.

А.К.Боровков, А.Наджип, А.Денич сынды түркітанушы ғалымдардың айтуынша, Қожа Ахмет хикметтері талай ғасырдың сүзгісінен өтіп, қолжазбаны көшірушілер тарапынан өзгерістерге де ұшырап отырған. «...Диуани хикметтегі» кей хикметтердің Қожа Ахмет шәкірттеріне тиеселі болуы ғажап емес. Бұл тұсы әлі де болса, анықтауды қажет етеді» [1, 96-б.].

Яссаудің ғажайыпқа толы жұмбақ ғұмыры мен оның даналыққа толы хикметтерінің сырын ашуға ұмтылғандар аз емес. Ж.Аймауытов «Әзірет Сұлтан», М.Шоқай «Түркістан» мақалаларында Яссауй өмір сүрген көне тарихтың қатпарларын ақтаруға күш салады.

Шығыстанушы Е.Бертельс алғашқылардың бірі болып ақынды – сопылық ағымның негізін қалаушылардың бірі екендігін дәлелдеді. Парсы тарихшысы Фазлаллах ибн Рузбехан Исфохани және орыс зерттеушісі Л.Ю.Маньковскаялар Хожа Ахметтің ақындық мұрасына ғана емес, оның кесенесіне бей-жайлық танытпады. Өзбектің көрнекті ғалымдары Э.Рустемов, Н.Маллаев, В.И.Зохидов, М.Хаккулова, т.б. Қ.А.Яссауиді – өзбек әдебиетінің антологиясына енгізіп, өзбек елінің ақыны деп танытты.

Қазақ зерттеушілері Ғ.Айдаров, М.Томанов, Р.Бердібай, Х.Сүйіншалиев, Ә.Дербісалиев, Ә.Құрышжанов, М.Жармұхамедұлы, Ж.Жұмат, т.б. яссауитану ғылымына өзіндік үлес-салмақтарын қосты. Бұл қатарға .Сыздықова, М.Мырзахметов, М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, А.Ахметбекова, З.Жандарбек, Қ.Т.Еділбайұлын құрметпен қосамыз. Яссауи хикметтерінің көркем аудармасын ақын Есенбай Дүйсенбай жасады. Қазақтың бай тілінің бар көркемдік нәрімен тәржімалауда Тұрсынәлі Айнабековтың бағалы аудармасын атап өтуге болады.

Яссауитануға әр тараптан сан түрлі үлес қосқан ғалымдар мен қаламгерлер қатарының алдыңғы сапында Қ. Жұбанов тұрғандығын біз де батыл айта аламыз. Қ.Жұбановтың «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» зерттеуі – өзіндік тың тұжырымдарымен құнды еңбек. Профессор Қ. Жұбанов «Диуани хикметті» зерделеуде өзінің жүйрік қаламына ғана тән тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісіне салады. Тіл мен әдебиет, тарих деректерін молынан қарпып, Яссауиді шығыс поэзиясының шынарлары, түркі классиктерінің ақындық мұрасымен салыстыра зерттейді.

Қ. Жұбанов «Мұра-хаттар...» еңбегінде ең алдыменен, Қожа Ахметтің аты-жөнін шыққан тегімен байланыстыра түсіндіреді. Зерттеушінің бұл тұста көздеген мақсаты – «қожа, молда» атауынан шошындыруды көздеген өкіметтің «көзқарасына қырын келіп қалудан қашушылық» болса керек. «Қожа – тегі, Яссауи – меншікті мекені, өз аты Ахмет», - деп түсіндіреді. Оқырман көкейінде еріксіз туындайтын «Қай Ахмет?» деген сауалға профессор ақын хикметтерінен мысалдар келтіреді. «Басқалар сияқты, Ахмет, сен де тәңіріге ғашық бол, ғашықтығыңның растығын іспен көрсет, сонда ғана тәңірінің алдына баруға лайық боласың. Ғашық болғандардың бәрі де тәңірісіне солай сүйкімді болған», - деген мазмұн береді» [2, 288-б.] – дейді. Яғни, Тәңіріге ғашық болған діндар Ахмет екенін ұғамыз.

Қ.Жұбанов «... «Яссауи» сөзінің түбірі «ясса» немесе «ясси» болып, соңына «и» жұрнағы қойылғанда «яссауи» болып айтылады да, тіркестегі мағынасы яссауилік Хожа Ахмет дегенді білдіреді. Жазба әдебиетіміздің авторлары мұндай сөздерді көптен бері қолданып келе жатқан сияқты. «Қызылжари», «дулати», «арғыни» дегендер сондай парсы изафетімен жазылған сөздер» [2, 289-б.], – деп нақты түсінік береді. Зерттеушінің пайымдауына, «Ясса» – «...судың, немесе қышлақтың аты». Бұл мекен – ақынның туып өскен

қасиетті топырағы. Ал Ахмет есіміне «Қожа» сөзінің тіркесуін: «Ахметтің сүйегі – хожа. «Хожа – парсы сөзі, араб тілі бойынша сейіт, қазақ тілі бойынша төре-сүйек деген мағынаға келеді. Қазақ тілінде ертерек кезде танымаған біреу туралы «оның сүйегі кім екен?» деген сұрақ қойылатын. Сонда бұл сұраққа: «сүйегі қырғыз екен», «төре екен», немесе «қарақалпақ екен», «өзбек екен», «түркіпен екен», «төре екен», «хожа екен», - деген сөздермен жауап қайтарылатын. Міне, осы «Хожа Ахмет Яссауй» деген атаудағы «хожа» деген сөз сол нәсілдік текті (сүйекті) білдіру үшін қолданылатын айқындауыш» [2, 291-б.], - дейді. Ахметтің нәсілдік тегін танытатын «хожа» – парсыдан келген «төре, сүйек» сөзі, ортағасырлық таным бойынша, Ахмет төреден тараған. Төре болғанда да, жай төре емес. Яссаuidің шәкіртінің сөзімен айтқанда: «Ол кісі – Ысхақ бабаның үрім-бұтағы, Ибрахим Шайхтың ұлы: ол – машаихтардың ең ұлығы болған менің Шайхым – Ахмет Яссауй» [2, 291-б.]. Әйтсе де, Қожа Ахмет төреліктің тағында емес, қарапайым халықтың арасында жүргендігін Қ.Жұбанов атап өтеді. Бұл жайт, бізге «жаман шекпеніне қарап, өзін әрдайым тәубелікке шақырған Аяз бидің» кейіпін есімізге түсіреді.

Діни танымы мен білімі де терең, Құран Кәрімнен мол мағлұматы болған Қ.Жұбанов «Қай елде болсын, қай «станда» болсын ислам діні күш ала бастағаннан кейін-ақ ирандық, түркістандық хожалардың бәрі де ислам дінінің үгітшісі болып қызмет атқаруы шындық. Сондықтан алғашқы кезде хожа атанған адамдардың бәрінің де әлеуметтік-қоғамдық қатынасы ислам дінін таратушылық болып еді деп айта аламыз. Осы күнге дейін «қожа-молда» делініп, «хожа» деген сөздің «молда» деген сөзбен қосарланып айтылып жүруінің де жанды бір себебі осы еді. Жергілікті халықтардан әлі молда шығып үлгерместен бұрын, мұсылман болған халықтардың арасында алғаш дін үйретушілер осы хожалар болды» [2, 294-б.], – деген түйін жасайды. Зерттеушінің айтуынша, «өздерін үстем сезінетін ... «араб Сейіттерінің ежелден өзара қолданып келген жасанды праволары болатын: олар жай арабтармен жегжат болмайтын, яғни хожа арабтар жай арабтарға қыз бермейтін және олардан қыз да алмайтынына» [4, 293-б.] түсінік береді.

Қ.Жұбанов «Диуани хикметте» ақынның туған жылы туралы еш деректің кездеспейтіндігін, бірақ қайтыс болған уақытын ақынның өз өлеңдеріне қарап тұжырым жасауға болатындығын айтады.

«Қазіргі қазақ атанып отырған халықтың тұрмыс-тіршілігін білу үшін Қазақстан жерінде өмір сүрген бұдан бұрынғы халықтардан қалған және олардың атақты жеке адамдарынан қалған ескі әдебиет мұраларына да үңіле қарау қажет. ...Біздің Қазақстан халықтарының ескі жазба әдебиет мұрасы өте кем. Ал, сол барының өзі де әлі тексеріліп біткен жоқ. Бірқатар оқығандарымыз бізде Бұхар жыраудың толғауларынан бұрын шыққан

жазба әдебиет бар деп елемейді. Яғни олар, қазіргі қазақ атанып отырған халқымыздың қазақ атанудан бұрын да өмір тіршілігінің болғанын білмейді. Бірқатары біле тұрса да, ескі әдебиетті керексінбейді. Мысалы, бізде Қожа Ахмет Яссауидің жазып қалдырған, осы күнге дейін көпшілік арасында тарихи бағасы мен сүйкімділік беделін жоймай келе жатқан «Диуани хикметі» бар. Бұл Қазақстан халықтарының ескіден қалған жазба әдебиет мұрасы емес пе? Қожа Ахметтің осы күнгі қазақ атанып отырған Түркістанда өсіп-өнгені бекер ме? Сөз жоқ, Хожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметі» – Қазақстан халқының ескі мұрасы» [2, 299-б.], – деп түйінді тұжырым жасаған ғалымның тереңдігіне еріксіз таңдай қағасыз!

Қ.Жұбанов зерделеген ғылыми тұжырымға жіті көзбен қарайтын болсақ, әдебиет тарихындағы бірнеше мәселені қозғап отырғандығын байқау қиын емес. Біріншіден, зерттеуші, қазақ әдебиетінің тарихи кезеңдерін жүйелеу туралы ой-пікірін ортаға салып отыр. Автор қазақтың тарихында жыраулық поэзиясынан бұрын да жазба әдеби кезең болғандығы жайында ашық айтып отыр. Екіншіден, жыраулық поэзияға дейін әдебиеттің көрнекті өкілі – Хожа Ахмет Яссауи болды дейді. Үшіншіден, Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» – Қазақстан халықтарының қасиетті қазынасы деген тұжырым жасайды. Әрине, ғалым зерделеген бұл мәселелер қазақ әдебиеті тарихында сол тұста мүлдем көтерілген жоқ еді демейміз. Дегенмен де лингвист ғалым әдебиет тарихындағы күрмеуі шешілмеген проблемаларға еркін қалам тербеген.

«Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінде халық әдебиетінің жанрлық белгілерін атап өткен ғалым, «Мұра-хаттарда» жазба әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін де нақты атап көрсетеді: «Жазба әдебиет дегеніміз белгілі уақытта, белгілі бір адам тарапынан жазылған, белгілі бір дәуірдегі адам тарапынан жазылған, белгілі бір дәуірдегі қоғамның өмір-тіршілігін көрсететін көркем сөзді шығарма деп түсініп жүрген жокпыз ба? – Иә, солай түсініп жүрміз. Яғни, ол әдебиет сол қауымның саяси құрылысын, мәдениет халін, дүниетану көзқарасы дәрежесін, әдет-ғұрпын, қысқасы нені жақсы, нені жек көретінін бізден жасыра алмайды. Міне, сондықтан біз: «Диуани хикметтің» сөзі де сол өз дәуірінің қоғамы тіршілігін суреттейді», – деп білуіміз керек» [1, 300-б.] – дейді Қ.Жұбанов.

Қазақ халқының өркениетті ел қатарына қосылуын, әр қазақтың білімнің қайнар бұлағынан сусындағанын арман еткен тума талантты феномен «Тарихи әдебиеттердің деректері түрткі болып, Хожа Ахметтің «Диуани хикметін» тауып оқығаннан кейін, қазіргі жастарымыз үшін ол туралы бірнеше пікір айтуға мәжбүр болдық. Міне, осы баяндалып отырған жайлар солардың біріншісі болмақ» [1, 301-б.], – деп толғанады.

Яссауи заманындағы әдеби дәуірдің болмысын ғана негіздем қоймай, құнды тарихи деректерді де алға тартқан профессор «Диуани хикметте» баяндалған қандықырғынның 12-ғасырда өткендігін дәлелдеп, ақынның 95-толғауынан мысал келтіреді. Әрбір сөздің

астарынан тарихтың терең тамырын табуға тырысқан ізденімпаз зерттеуші, ақын толғауларындағы кейбір бейнелі сөздерге былай деп түсінік береді. «Ботадай аңырап қалған боздайды олар» деген өлең жолдары ұл-қызына «қозым», «ботам», «құлыным» деп тіл қатқан жергілікті халықтың басты кәсібі мал шаруашылығы болғандығын байқауға болады дейді.

Қ.Жұбанов: «Алтыншыдан, толғауда: «Ардақталып өскен есіл ғана сәулелерім-ай! Қайтейін, жаудан қорыққаннан жүректерің ұшып кетті-ау!» деген сөздер мен «Жанымнан артық көрген жан сәулелерім-ай! Қайтейін, дінсіздердің қолына түсіп қор болдыңдар-ау!» – деп іші-бауыры елжіреп, ұлдардан айрықша, жаудың қолына түскен қыз бен әйелдерді шын жүрегімен есіркеуі – сол кездегі адамдардың әйелге деген көзқарасының қандай дәрежеде екендігін көрсетеді» [4, 304–305 бб.], – дейді. Бұдан шығатын қорытынды, «Әйел – ер адамның қабырғасынан жаратылған» дейтін ұғымдағы түркі тектес халықтардың түсінігі Хожа Ахмет Яссаuidiң 95-толғауында кездеспейді. Зерттеушінің айтуынша, әйел баласына «төмен етектегі» деп қараушылық, ислам діні күштеп енгізілген араб басқыншылығын кейінгі уақытта қалыптаса бастаған. Осы орайда, әйел адамға көрсетілетін құрмет Яссауй хикметтері мен «Қорқыт ата кітабынан» бастау алып, Бұхар жырау толғауларынан жалғасын тауып, XX ғасырда Сұлтанмахмұт Торайғыров поэзиясында («Қамар сұлу») орныға түскен деп, игі дәстүрге бас иегінін аңғару қиын емес.

Қ.Жұбанов толғаудың мазмұндық желісі бойынша топшылаулар жасай отырып, Қожа Ахмет Яссауй – тек діншілдік сарында жазған мистик емес, тарихи тағдырды тап басып жаза білген көреген ақын деп бағалайды. Сөйтіп, өзге жұрт «Яссауй әлемі – діни тұман» деп сыртқапайлап жүрген Қожа Ахметтің ақындығын нақты тұжырыммен дәлелдейді.

«Мұра-хаттардағы» тағы да бір келелі ой сарыны, Яссаuidiң «Екінші дүниеге ынта қою себептеріне» қатысты өріледі. «Әлі жетпеген ақыретшіл!» – дегендей, өз заманының қоғамдық құрылысындағы теңсіздікке наразы болған, бірақ өз қолымен әлеуметтік теңдік орнатуға күші жетпеген Қожа Ахмет бұл дүниедегі өмір тіршіліктен баз кешеді, қоғам өміріне көңілі суиды. Өзі де, ізіне ерген өзгелерді де «екінші дүниедегі» мәңгі бақытқа жеткізудің жолын көксейді. «Екінші дүниедегі» мәңгі бақытқа жетудің ең төте жолы – пақыр мен міскенге, жетім мен жесірге, ел ішіндегі аздар мен әлсіздерге, қиякелді қара қарындар мен мусафир – жолаушыларға жәрдемдесу, қоғам әлеумет арасында әділетті тәртіп орнату деп түсінеді, басқаларға да солай түсіндіреді. Әлем әдебиетіндегі діни-идеялистік бағыттағылардың басын біріктіретін танымал ақындармен Қожа Ахметті біртұтастықта қарастырып «нақты дүниеден» безушілік сарынында жазылған өлеңдердің «қоғам тіршілігін көрсететін құрал болғанын да ұмытпау керек» және бұл сарын «Бұл дүниенің ләззатын

татқаннан, о дүниенің рахатын көру арманы жиі кездесіп отыратын Яссауи мен Науаи, Фзули, Сағди, Хожа Хафиздарды ортақтастырған «діншілдік сарындар мен нақты дүниеден безушілік идеялары...» – әлемдік әдебиет қазынасына үлес қосқан ірі ақын болушылықтарына ешбір нұқсан келтірмейді, келтіру де мүмкін емес» [2, 307-б], – деп тұжырымдайды Қ.Жұбанов.

Ақындық шеберлігін діни уағызбен көркемдеген Хожа Ахмет Яссауи шығармаларының құндылығы еш уақытта да жойылған емес. Қазақ тарихындағы ислам дінінің күретамыры да – Яссауи хикметтерінен бастау алады десек, артық айтқандық болмас. Айтар ләзімі – халық құлағына жат болмағандықтан да, ел санасына ғұмырлық сіңісті болды. Ақынның сөзі мен ісі қатар қабысып, елді имандылыққа шақырып, Алланың құлы болуға үндеген қасиетті сөздің иесінің өзі де, шын мәнінде Жаратқанның шын сенген құлы болды. 63-ке келгенде, пайғамбар жасынан аспаймын деп, қылуатке кірді. Алланың құдіреті тұла бойындағы тұнған талантты өшірткізбей, туған жұртына мәңгілікке бағыт алған хикметтерін жаратқызды. Бұл хикметтер – халқының бағына бола аман сақталды.

XX ғасырмен бірге келген «қызыл топалаң», «қанды қырғын» Яссауи хикметтерінің құдіретін жойып жібере алған жоқ. Жүрген жерінің бәрін «атеизм» аталатын «жаңа дінмен» жалмап жатқан төңкерісшіл заманда, Құдайберген Жұбановтай ғұламаның арқасында жаға қоғам Х.А. Яссауиді қайта таныды. Қара киімді киіп «қаралы хабарды» қолмен жасаған «сталиндік зұлматта» Қожа Ахмет Яссауидің болмысын тым тереңнен таныған Құдайберген Жұбановтың өзі де құдірет емес пе!?

Ақынның әдеби мұрасын зерттей отырып, тілші-ғалым ретінде, әрбір сөздің астарына ерекше үңіледі. Ахмет Яссауидің 70-хикметтен үзінділеп берген жыр жолдарын «Қолыма достық таяғын алып, иініме ізгілік шапанын жамылып, махаббаттың қауырсынымен құстарша қанаттанып, ғылым-білім бұтағына қонып алып, халық үшін, адам баласы үшін жағым түскенше сайрасам» деп маржан сөзбен тәржімалап береді. Және «Достық таяқ, ізгілік шапан, махаббат қауырсыны деген тіркестер – ескі теңеу сөздер» екендігін айтып өтеді. Соныменен, «Мұра-хаттардағы» «Хожа Ахмет Яссауидің армандары қандай еді?» деген сауалға Құдайберген Жұбанов былай деп жауап береді: «Міне, бұл келтірілген мысалдардан біз, Хожа Ахметтің жалпы адам баласы үшін ізгі ниетті, әлеуметшіл ағартушы болағанын байқаймыз. Өйткені ол ел-аймақта әділ үкімет болуын тілейді. Адам баласының бір-біріне мейірімді болуын арман етеді. Осы жолда өзі аянбай қызмет етуге даяр екендігін мәлім етеді. ...Міне, осы айтылғандардың бәрі де Хожа Ахметтің дүнияуи армандары еді» [2, 311-б.]. «Хожа Ахметтің шындық іздеуі» тарауында әлеумет пен қоғам, замана арасындағы ақын тануға тырысқан «шындық елісін» зерделеуді мақсат етеді. «Хожа Ахмет қараңғы бөлмеге кіріп алып, құр жылаумен бос қарап жата берген адам емес, ол ізденген ойшыл адам:

ол адам баласының бақыты үшін шындық жол іздеген адам» [2, 317-б.], – дейді. Шындығында да, халықтың әлеуметтік теңдігі үшін жанын азапқа салып, жол іздеген, Құдайынан жәрдем тілеген Хожа Ахмет Яссауи – өте батыл адам. Оның ерлігі – ереуіл жасаумен емес, жарық дүниенің бар қызығын артқа тастап, көзі тірісінде-ақ қараңғы көрдің есігін аттауымен танылады. Ахмет Яссауи – ойшыл адам. Оның ойшылдығы – тіршілік бесігінен безіп, қылуат төрінде отырып адамгершілікті уағыздауы, рухани тазалыққа үндеуімен байланысты.

Аталған еңбектің ендігі бір келелі тарауы «Диуани хикметтің» жалпы мазмұны мен тілі туралы бірер ауыз» деп аталады. Бұл тұста зерттеуші «Даналық кітабын» мазмұндық құрылымы жағынан топтастыра келе, бірнеше тақырыпты атап көрсетеді:

«1. Діни сарындағы үгіт-насихат толғаулары және оған қатысты тарихи оқиғалар.

«2. Адамгершілікті дәлелдейтін насихат толғаулары.

«3. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік және әділетті құрылысты аңсау.

«4. Бақсылардың сарыны тәріздес толғау.

«5. Құдайға құлшылық ету арқасында келетін бақытты тұрмыс» [4, 317-б.], – деп оң тұжырым жасайды.

Сонымен қатар, осы тарауда «Яссауи хикметтерінің тілі – қандай тіл?» деген заңды сауалға жауап берген Қ.Жұбанов пікірінен бұрын, яссауитанушы көрнекті ғалым А.К.Боровковтың пікіріне құлақ түрсеңіз: «Даналық кітабы» оғыз-қыпшақ тілінде өмірге келген әдеби туынды. Кезінде ол өлеңдер өте қарапайым, көпшілікке түсінікті тілмен жазылған. Ақын Орта Азиядан бастап, Еділ жағалауына дейінгі ұлан-ғайыр өлкеде көшіп-қонып жүрген түркі тайпалының бәріне де түсінікті болатындай ауызекі сөйлеу тілінде жырлағаны дау тудырмайды. Бірақ бертін келе жинақты көшірушілер оған өз тарапынан көптеген араб-парсы сөздерін қосып жіберген сияқты» [3, 189-б.].

Біршама уақыт бойы хикметтер тілін зерделеуде сан тарау талас тудырған пікірлердің басын бір арнаға тоғыстырғандай, Құдайберген Жұбанов мынадай қорытындыға келеді: «Диуани хикметтің» тілі қай тіл деп пікір таласушыларды бір мәлімге келтіргенде, «...біздің «Диуани хикмет» – түркі тілімен жазылмаған! – деп айтуымызға ешбір негіз жоқ, хақымыз да жоқ. Қысқашалап айтқанда, Ахметтің тілі (Диуани хикметтің тілі) – Түркістанда Ислам діні бел алып, араб қатынастары күшейген кезде пайда болған түрік ғалымдарының стандартты, көпке ортақ тілі еді деп, батыл айта аламыз» – дейді Қ.Жұбанов. Ахмет Яссауиді «Ретті жерінде тайсалмайтын, көңілдегісін істеп тастай беретін батыл адам болған» деп бағалаған Қ.Жұбановтың өзіне де өткірлік пен батылдық ешқандай да жат емес. Ғылым әлемінде батылдықпен сөз айту – өз күшіне сенген Құдайберген Жұбановтай нағыз

ғұламаның қолынан келер қасиет екендігін біз жақсы білеміз. Кеңестік «қырғынның қанды келсабына» түсетіндігін сезсе де, атын атауға тыйым салған Қожа Ахмет Яссауи мұрасы туралы зерттеу жазуы – профессор Құдайберген Жұбановтың өз заманынан озық туған дара құбылыс екендігін танытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Наджип А.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – Москва, 1989. – 245 с.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
3. Боровков // Советское востоковедение V том. – Москва: Изд. Акад. наук СССР, 1948 г. Ленинград. – С. 338.

GTAMP 16.21.55

ҚҰДАЙБЕРГЕН ҚУАНҰЛЫ ЖҰБАНОВ – ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРОФЕССОРЫ

А.Қ. ЖҰБАНОВ

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада «Ұлы дала тұлғалары» атты сериямен 2013 жылы ҚР БҒМ ҒК тапсырмасымен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында баспадан шыққан «Құдайберген Жұбанов» атты кітаптың құрылымы мен жеке тарауларының қысқаша мазмұны қарастырылады.

Түйін сөздер: фонетика, морфология, синтаксис, терминология, орфография, ономастика.

Аннотация. В статье рассматриваются структура и содержание отдельных глав книги «Құдайберген Жұбанов», изданной в 2013 году Институтом языкознания им. А.Байтұрсынова по поручению комитета науки МОН РК по серий «Жизнь замечательных людей» (ЖЗЛ).

Ключевые слова: фонетика, морфология, синтаксис, терминология, орфография, ономастика.

Annotation. The article discusses the structure and content of individual chapters of the book “Kudaydergen Zhubanov”, published in 2013 by the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov on behalf of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan on the series “Life of remarkable people” (ZhZL).

Key words: phonetics, morphology, syntax, terminology, spelling, onomastics.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов – Ақтөбе өңірінің ағартушысы, мәдениет және қоғам қайраткері, қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштарының бірі бола жүріп, қазақ филологиясының тұңғыш профессоры атанды. ҚазПИ-де лекция оқып, кафедра меңгерушісі, кейін декан қызметтерін атқара жүріп, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалындағы